2022 жылғы желтоқсанда депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің көлемі 2022 жылғы шілдеден бастап ең жоғары айлық өсімді көрсетті (7,6%), 4,8%-ға 30,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2022 жылғы өсім - 14,1%). Желтоқсан айында салымдардың едәуір өсуі негізінен жеке тұлғалардың теңгелік салымдарының түсуі есебінен қамтамасыз етілді.

Желтоқсан айында ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі жеке және заңды тұлғалардың салымдарының ұлғаюы есебінен өсті. Заңды тұлғалардың қаражатының азаюы есебінен шетелдік валютадағы депозиттердің төмендеуі байқалды.

Жеке тұлғалардың депозиттері бір жыл ішінде 26,3%-ға өсті. Бұл сондай-ақ ұлттық валютадағы салымдардың 9,3%-ға, шетел валютасындағы салымдардың 2,9%-ға өсуі нәтижесінде болды. Желтоқсан айында ұлттық валютадағы салымдардың өсуі, оның ішінде базалық мөлшерлеме деңгейінің ұлғаюы жағдайында орын алады, бұл халықтың депозиттері үшін ҚДКБҚ шекті мөлшерлемелерінің өсуіне әкелді. Мысалы, халықтың мерзімсіз салымдары бойынша ең жоғары мөлшерлеме көлемі 2022 жылғы 6 желтоқсанныан бастап 16,3% -ды құрады, ал 3 және 6 ай мерзіміне толықтыру құқығынсыз жинақ депозиттері бойынша - 18,3%.

Базалық мөлшерлеме бойынша қабылданған шешімдер жағдайында банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа өлшенген сыйақы мөлшерлемесі 2022 жылғы желтоқсанда 14,4%-ға (2021 жылғы желтоқсанда – 7,4%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 13,3%-ға (8,0%) өсті.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үй құрылысына 2,902.2 миллиард теңге бағытталды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысында игерілген қаражаттың үлесі 19,3%-ды құрады. 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың негізгі көзі құрылыс салушылардың меншікті қаражаты болып табылады, олардың үлес салмағы 85,2%-ды құрайды.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 2021 жылмен салыстырғанда 8,8%-ға азайып, 15,422 мың шаршы метрді (ш.м.) құрады, оның ішінде 8,844 мың ш.м. - көп пәтерлі және 6,499. 8 мың ш.м. - жекеменшік үйлер. Тұрғын үйдің басым бөлігі - 13,930.8 мың ш.м. немесе 90,3%-ын жеке құрылыс салушылар пайдалануға берді, оның ішінде халық - 6,799.3 мың ш.м., бұл жалпы іске қосу көлемінде 44,1%-ды құрайды.

**Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)**

Мемлекеттің халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік міндеттерін іске асыру мақсатында Банк жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі - ЖАО) жұмыс жүргізеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Банк Қарағанды облысының, Астана, Алматы, Тараз, Орал қалаларының, Қостанай облысының, Атырау және Алматы облыстарының, Семей қаласының ЖАО-мен қарыз шарттарын жасасты, оның шеңберінде Банкке оның салымшыларына жеңілдікті талаптар бойынша тұрғын үй қарыздарын беру үшін қаражат бөлінді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша тартудың жалпы сомасы 26,3 миллиард теңгені құрады. Болашақта Банк басқа облыстардың ЖАО-мен осындай жұмысты жалғастырады.

2022 жылғы 2 желтоқсанда Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының егеменді кредиттік рейтингін "BBB" деңгейінде растады, болжам - "тұрақты".

Қазақстанның кредиттік рейтингін сақтаудың басты факторы әлі де күшті фискалдық ұстаным және сыртқы күйзелістерге төзімді болуға ықпал еткен елеулі сыртқы резервтер болып қала береді, - деп атап өтті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҚР ҰБ).

**3 Есеп саясатының негізгі ережелері**

**Есеп саясатының негізгі қағидаттары.** Бұл қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ХҚЕС") сәйкес әділ құн бойынша қаржы құралдарын бастапқы тануды және пайда немесе залал арқылы әділ құн ("ІЗАӘҚ") және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн ("ӨЖКАӘҚ") бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қайта бағалауды қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде баяндалған. Бұл қандаттар, егер басқаша көрсетілмесе, ұсынылған барлық кезендерге дәйекті түрде қолданылды (5-ескертпе).

**Қаржы құралдары - бағалаудың негізгі тәсілдері.** Қаржы құралдары олардың жіктелуіне қарай әділ құны немесе амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау әдістерінің сипаттамасы келтірілген.

**Әділ құн** – бұл активті сату кезінде алынуы мүмкін немесе бағалау күніне нарық қатысушылары арасында ерікті негізде операция жүргізген кезде міндеттемелерді бергенде төленуі мүмкін баға. Белсенді нарықта белгіленген баға әділ құнның ең үздік растамасы болып табылады. Белсенді нарық – бұл бағалаулар туралы тұрақты түрде ақпарат алуға мүмкіндік беретін, активпен немесе міндеттемен операциялар жеткілікті жиілікте және жеткілікті көлемде жүргізілетін нарық.

Белсенді нарық айналымындағы қаржы құралдарының әділ құны кәсіпорын ұстап тұрған жеке активке немесе міндеттемеге олардың санына белгіленген бағаны көбейткен кезде алынған сома ретінде бағаланады. Егер нарықтың қалыпты тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтер мен міндеттемелер санын еңсеруге жеткіліксіз болса, ал жеке операцияда позицияларды сатуға тапсырыс орналастыру белгіленген бағаға әсер етуі мүмкін болған жағдайда да, мәселе осындай көрініс табар еді. Әділ құнды бағалау үшін қалыптасқан жағдайларда әділ құн үшін неғұрлым маңызды болып табылатын, сұраныс және ұсыныс бойынша спрэд шегіндегі баға пайдаланылды және басшылық оны есептік кезеңге операцияның соңғы бағасымен тең деп есептейді. Қаржы активтерін бағалау үшін қолданылған сұраныстың ағымдық бағасы белгіленген нарықтық баға болып табылады; ал қаржы міндеттемелері үшін қолданылған белгіленген нарықтық баға – ұсыныстың ағымдық бағасы.

Белсенді нарықта айналысқа түспейтін туынды қаржы құралдары немесе басқа қаржы активтері мен міндеттемелері қоржыны нақты тәуекел қабылдағаны үшін таза ұзын позицияны (яғни активті) сатқан кезде алынуы мүмкін баға негізінде қаржы активтері және қаржы міндеттемелері тобының әділ құны бойынша немесе ағымдық нарық жағдайларында бағалау күніне нарық қатысушылары арасында ерікті түрде операция жүргізген кезде нақты тәуекел қабылдағаны үшін таза қысқа позицияны (яғни міндеттемені) берген кезде бағаланады.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Бұл көп мәртелі негізде әділ құны бойынша көрсетілетін активтерге қолданылады, егер Банк (а) кәсіпорынның нақты нарық тәуекеліне (немесе тәуекелдеріне) немесе тәуекелдерді немесе оның инвестициялық стратегиясын басқару бойынша кәсіпорынның ресми стратегиясына сәйкес нақты контрагенттің кредиттік тәуекеліне таза тәуелділік негізінде қаржы активтерінің және қаржы міндеттемелерінің тобын басқаратын болса; (б) аталған негізде кәсіпорынның жоғарғы басшы қызметкерлеріне қаржы активтерінің және қаржы міндеттемелерінің тобы туралы ақпарат берсе; және (в) қаржы активтеріне және қаржы міндеттемелеріне байланысты туындайтын, негізінде тең мәнді болып табылатын кәсіпорынның нақты нарықтық тәуекелге (немесе тәуекелдерге) тәуелділігінің ұзақтығын қоса алғанда, нарықтық тәуекелдер.

Дисконтталған ақша ағындарының моделі, сондай-ақ нарық жағдайларында жасалатын ұқсас операциялар деректеріне немесе инвестициялар нысанының ағымдық құнына негізделген модельдер сияқты бағалау әдістері олар үшін мәмілелер бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімді болмайтын қаржы құралдарының әділ құнын белгілеу үшін қолданылады. Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша мынадай түрде бөлінеді: (i) 1 Деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықта белгіленген (түзетілмеген) баға бойынша бағалар жатады, (ii) 2 Деңгейге - бағалау әдісінің көмегімен алынған, барлық пайдаланылатын маңызды шығыс деректер не тура (мысалы, баға), не жанама (мысалы, баға негізінде есептелген) актив немесе міндеттеме үшін бақыланатын болып табылады (мысалы, бағалар) және (iii) тек қана бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалар болып табылатын 3 Деңгей бағалары (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын шығыс деректердің айтарлықтай көлемі талап етіледі). Есептік кезең соңына әділ құн иерархиясының бір деңгейінен екінші деңгейіне ауыстыру жағдайлары болған жоқ.

*Мәміле бойынша шығыстар* қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе есептен шығаруға жататын қосымша шығыстар болып табылады. Қосымша шығыстар – бұл егер мәміле жасалмаған болса, болмауы мүмкін шығыстар. Мәміле бойынша шығыстарға агенттерге (сауда агенттері есебінде әрекет ететін қызметкерлерді қоса алғанда), кеңесшілерге, брокерлер мен дилерлерге төленген сыйақы мен сомалар, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдар, сондай-ақ меншікті берген кезде өндірілетін салықтар мен алымдар кіреді. Мәміле бойынша шығыстарға борыштық міндеттемелер бойынша сыйлықақылар немесе дисконттар, қаржыландыру шығыстары, ішкі әкімшілік шығыстары немесе сақтау шығыстары кірмейді.

*Амортизацияланған құн* негізгі қарыз шегерімімен, бірақ үдемелі пайыздарды қоса алғанда, ал қаржы активтері үшін – кез келген құнсыздану шығыстарын есептен шығару шегерімімен активтің бастапқы құнын білдіреді. Үдемелі пайыздарға мәміле бойынша бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған шығыстар амортизациясы, сондай-ақ, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып өтеу сомасынан кез келген сыйлықақы немесе дисконт кіреді. Үдемелі пайыздық кірістер және үдемелі пайыздық шығыстар, үдемелі купондық кірісті және амортизацияланған дисконтты немесе сыйлықақыны (ондай болған жағдайда, берген кезде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда) қоса алғанда, жеке көрсетілмейді, қаржы жағдайы туралы есептің тиісті баптарының баланстық құнына кіргізіледі.

*Пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі* – бұл әрбір кезеңде құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (пайыздың тиімді мөлшерлемесін) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржы құралының күтілетін әрекет ету мерзіміне (кредиттер бойынша келешектегі шығыстарды қоспағанда) немесе қаржы құралының таза баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімге келешектегі есептік ақша төлемдерін немесе түсімдерін дисконттеудің нақты мөлшерлемесі.

Тиімді сыйақы мөлшерлемесі аталған құрал үшін көрсетілген құбылмалы мөлшерлеме бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйлықақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайыздың келесі өзгеру күніне дейін құбылмалы мөлшерлемелі құралдар бойынша немесе нарық мәніне тәуелсіз түрде тағайындалатын басқа ауыспалы факторлар бойынша ақша ағындарын дисконттеу үшін пайдаланылады. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құралдың күтілетін бүкіл айналым мерзімі ішінде амортизацияланады. Келтірілген құн есебіне тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын шарт бойынша тараптар төлеген немесе алған барлық төлемдер мен сыйақылар кіреді. Бастапқы тану кезінде сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (РОСИ) қаржы активтері болып табылатын активтер үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелдерді есепке ала отырып түзетіледі, яғни, бастапқы тану кезінде күтілетін ақшалай ағындар негізінде есептеледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Қаржы құралдарын бастапқы тану.** Әділ құны бойынша бағаланатын, өзгерістері пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін саудалық құнды қағаздар, туынды және басқа қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Барлық басқа қаржы құралдары, мәміле бойынша шығыстарды қоса алғанда, бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Бастапқы тану кезіндегі әділ құнның ең үздік растауы операция бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян тек әділ баға мен операцияның құны арасында айырма болған жағдайда ғана көрсетіледі, нарықта сол құралмен жасалған ағымдық мәмілелер немесе базалық деректер есебінде бақыланатын нарықтардың деректерін пайдаланатын бағалау әдісі оның растауы бола алады. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін және өзге де жиынтық кірістер арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдардың инвестицияларын бастапқы мойындағаннан кейін күтілетін кредиттік шығыстардың бағалау резервтері мойындалады, ол активтерді бастапқы мойындағаннан кейін бірден бухгалтерлік шығыстарды мойындалуына әкеп соғады.

Оларды жеткізу заңнамада немесе аталған нарық үшін іскери айналым дәстүрінде ("стандартты жағдайларда" сатып алу және сату) белгіленген мерзімде жүргізілуі тиіс қаржы активтерін сатып алу және сату мәміле жасалған күні, яғни Банк қаржы активін сатып алуды және сатуды міндеттенген күні көрсетіледі. Сатып алу бойынша барлық басқа операциялар кәсіпорын аталған қаржы құралына қатысты шарт тарабы болған кезде танылады.

**Қаржы активтерінің жіктелуі және кейінгі бағасы: бағалау санаттары.** Банк мынадай бағалау санаттарын пайдалана отырып, қаржы активтерін жіктейді: пайда және шығыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, кірістің өзге жиынтығы арқылы әділ құны бойынша бағаланатын және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын. Борыштық қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: (i) активтердің тиісті портфелін басқару үшін банктің бизнес-моделіне және (ii) актив бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына байланысты.

**Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: бизнес-үлгісі.** Бизнес-үлгі ақша ағындарын алу мақсатында активтерді басқару үшін банк пайдаланатын әдісті көрсетеді: банктің мақсаты (I) активтерден шартта көзделген ақша ағындарын алу ("шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстау") немесе (II) активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын және ақша ағындарын алу және шартта көзделген алу ("шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстау") немесе, егер (i) тармақты да, (II) тармақты да), қаржылық активтер "өзге" бизнес-үлгілер санатына жатады және пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

Бизнес-үлгі бағалау жүргізу күні бар портфельге белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін Банк жүзеге асыруға ниетті қызметтің барлық тиісті дәлелдемелері негізінде активтер тобы үшін (портфель деңгейінде) белгіленеді. Бизнес-модельді анықтау кезінде банк мынадай факторларды ескереді: портфельдің мақсаты мен құрамын, тиісті активтер бойынша ақша ағындарын алудың бұрынғы тәжірибесін, тәуекелдерді бағалау мен басқарудың тәсілдерін, активтердің кірістілігін бағалау әдістерін және басшыларға төлемдер жүргізу схемасын қамтиды.

Банк ұқсас қаржылық активтерді басқару үшін бірнеше бизнес-үлгілерді қолдана алады, келісімшарттық ақша ағындарын алу үшін өзі басқаратын инвестициялардың бір портфелін және әділ құнның өзгеруінен пайда алу үшін сату мақсатында басқаратын инвестициялардың басқа портфелін ұстай алады. Екі үлгіде де бірдей контрагенттер болуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда Банк оның осы қаржылық активтерді қалай басқаратынын көрсету үшін қаржылық активтер портфелін қосалқы портфельдерге бөледі. Банк ерекше, бірақ ықтимал оқиғалардың Банктің қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалау үшін стресс-тестілеу әдісін қолданады. Егер өтімді активтер портфеліндегі кейбір активтер "стресс-тест" сценарийі жағдайында ұсталса (яғни, шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу мақсатында ұсталса), онда қалған активтер Банктің өтімділігінің қайталанатын сатуларға әкеп соғатын күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ұсталады.

**Қаржы активтерін жіктеу және кейіннен бағалау: ақша ағындарының сипаттамасы.** Егер бизнес-үлгі шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін немесе шартта көзделген ақша ағындарын алу және сату үшін активтерді ұстауды көздесе, Банк ақша ағындары тек борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне ("борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебінен ғана төлемдерге арналған тест" немесе "SPPI-тест") төлемдерді жүргізеді деп бағалайды. Кірістірілген туынды құралдары бар қаржы активтері олар бойынша ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасының есебіне ғана төлемдер жүргізілетінін айқындау үшін жиынтықта қаралады.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Осы бағалауды жүргізу кезінде банк шартта көзделген ақша ағындарының базалық кредиттік шарттың талаптарына сәйкес келетінін қарайды, яғни пайыздар кредиттік тәуекелге, ақшаның уақытша құнына, базалық кредиттік шарттың басқа да тәуекелдеріне және пайда маржасына қатысты өтемді ғана қамтиды.

Егер шарттың талаптары базалық кредиттік шарттың талаптарына сәйкес келмей, тәуекелге немесе құбылмалылыққа ұшырауды көздейтін болса, тиісті қаржы активі жіктеледі және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Борыш пен пайызды есептеу кезінде тек негізгі соманы төлеуге арналған тест активті бастапқы тану кезінде жүргізіледі және кейіннен қайта бағалау жүргізілмейді.

**Қаржы активтерін қайта жіктеу.** Қаржы құралдары осы портфельді басқарудың бизнес-үлгі тұтастай өзгерген жағдайда ғана қайта жіктеледі. Қайта жіктеу бизнес-үлгі өзгергеннен кейін бірінші есепті кезеңнің басынан перспективалы жүргізіледі. Банк ағымдағы немесе салыстырмалы кезең ішінде өзінің бизнес-моделін өзгертпеді және қайта сыныптауды жүргізбеді.

**Қаржы активтерінің құнсыздануы: күтілетін кредиттік шығыстарға арналған бағалау резерві.** Болжамдардың негізінде банк амортизацияланған құны бойынша және әділ құны бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдарға байланысты күтілетін кредиттік шығыстарды бағалайды. Банк күтілетін кредиттік шығыстарды бағалайды және әрбір есепті күнге кредиттік шығыстарға арналған бағалау резервін анықтайды. Күтілетін кредиттік шығыстарды бағалау: (i) ықтимал нәтижелер ауқымын бағалау жолымен анықталған ықтималдықты ескере отырып болжанбаған және сараланған соманы, (ii) ақшаның уақытша құнын және (iii) өткен оқиғалар, ағымдағы шарттар және болжанатын болашақ экономикалық жағдайлар туралы есепті күнге шамадан тыс шығынсыз және күш салусыз қолжетімді барлық негізделген және расталатын ақпаратты көрсетеді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервін шегере отырып ұсынылады. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдардың амортизацияланған құнындағы өзгерістер күтілетін кредиттік шығындарға бағалау резервін ескермегенде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Баланстық құндағы басқа өзгерістер "өзге де жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық құралдардан шығыстарды шегергендегі кірістер" бабында өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

Банк бастапқы тану жүргізгеннен бастап кредиттік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың "үш кезеңді" моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржы құралы 1-себетке қатысты ретінде жіктеледі. Қаржылық активтер үшін 1-себет егер ол 12 ай ішінде немесе шартқа сәйкес өтеу күніне дейін болуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығыстардың бір бөлігіне тең сомада бағалануы күтілетін кредиттік шығыстар, 12 ай өткенге дейін келсе ("12 айлық күтілетін кредиттік шығыстар"). Егер банк кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бастапқы тану сәтінен бастап байқаса, онда актив 2-себетке ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік шығыстар барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығыстар негізінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ, егер ол көзделген болса, күтілетін алдын ала төлемді ескере отырып ("бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығыстар") бағаланады. Банктің кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын анықтау тәртібінің сипаттамасы 25-ескертпеде келтіріледі. Егер Банк қаржы активі құнсызданды деп санайтын болса, актив 3 себетке аударылады және ол бойынша күтілетін кредиттік шығыстар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығыстар ретінде бағаланады. Банктің құнсызданған активтер мен дефолтты анықтауына қатысты түсініктемелер 25-ескертпеде берілген.

**Қаржы активтерін түрлендіру.** Қаржы активтері шарттың талаптарына сәйкес өзгергенде (мысалы, оларды қайта қарау нәтижесінде), банк түрленуі елеулі болып табыла ма және ол бастапқы активті тануды тоқтатуға және жаңа активті әділ құны бойынша тануға алып келуі тиіс пе екенін қарастырып бағалайды. Бұл бағалау негізінен тиісті есеп саясатында сипатталған сапалық факторларға негізделеді және елеулі пайымдауларды қолдануды талап етеді. Атап айтқанда, банк қайта қаралған құнсызданған кредиттік шарттарды тануды тоқтату қажеттігі туралы шешім қабылдаған кезде және жаңадан танылған кредиттерді бастапқы тану кезінде құнсызданған ретінде қарастыру керек пе деген пікірді қолданады. Тануды тоқтату қажеттілігі туралы шешім тәуекелдер мен пайданың, яғни мұндай модификация нәтижесінде күтілетін ақша ағындарының (Шартта көзделмеген ақша ағындары) өзгеруіне байланысты. Басшылық мұндай кредиттерді модификациялау нәтижесінде тәуекелдер мен пайда өзгермегенін, демек, мәні бойынша барлық осындай модификациялар мен кредиттерді тануды тоқтату да, құнсыздану кезеңінен оларды қайта жіктеу да болмағанын анықтады.



### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Қаржы активтерін есептен шығару.** Банк оларды өндіріп алудың барлық практикалық мүмкіндіктерін таусып, осындай активтерді өндіріп алуға қатысты күтулердің негізсіздігі туралы қорытындыға келген кезде қаржылық активтер толығымен немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару танудың тоқтатылғанын білдіреді. Банк шарт бойынша берешек сомаларын өндіріп алуға тырысқан кезде, оларға қатысты мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары әлі де қабылданып жатқан қаржы активтерін есептен шығара алады, дегенмен оларды өндіріп алуына қатысты негізді үміті жоқ. Берешекті есептен шығаруға мынадай талаптар негіз болып табылады: 1) қарыз бойынша негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша мерзімін өткізіп алу 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күнді және одан да көп күнді құрайды; 2) берешекті өндіріп алу перспективасының болмауы. Берешекті өндіріп алу перспективасының болмауы деп жиынтықта келесілер түсініледі: 1) банктік қарыз шарты бойынша Банкке тәуелді емес себептер бойынша кепіл нысанасының болмауы, жоғалуы немесе бүлінуі сияқты оқиғалар туындаған сәттен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннің өтуі. 2) Банк алдындағы кредиттік міндеттемелерді өтеу үшін кірістердің болмауы туындаған кезден бастап 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн өткеннен кейін борышкердің ағымдағы кірістердің жоқтығы құжаттамалық расталған кезде. 3) борышкердің өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлкінің жоқтығын құжаттамалық растау.

**Қаржы активтерін тануды тоқтату.** Банк а) активтер өтелген немесе ол активтермен байланысты ақша ағындарына құқықтардың мерзімі өткен кезде немесе б) қаржы активтерінің ақша ағындарына құқықтарды және мұнымен қатар (i) ол активтерді иеленумен байланысты нақты барлық тәуекелдер мен пайданы берген кезде немесе (ii) ол активтерді иеленумен байланысты нақты барлық тәуекелдер мен пайданы бермеген және сақтамаған, бірақ аталған активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтқан кезде қаржы активтерін тануды тоқтатады. Егер контрагенттің іс жүзінде сатуға шектеу енгізусіз, байланысты емес үшінші тарапқа активті толық сатуға құқығы болмаса, бақылау сақталады.

**Қаржылық міндеттемелерді бағалау санаттары.** Қаржылық міндеттемелер нәтижесінде амортизацияланған құн бойынша бағаланатын болып жіктеледі, мыналардан басқалары: (i) пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер: бұл жіктеу саудаға арналған туынды қаржы құралдары бар қаржылық міндеттемелерге (мысалы, құнды қағаздар бойынша қысқа позициялар), бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы қабылдаған шартты өтеуге және бастапқы тану кезінде осындай ретінде айқындалған басқа қаржылық міндеттемелерге; және (ii) қаржылық кепілдік шарттары мен кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер қолданылады.

**Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату.** Қаржылық міндеттемелерді тану оларды өтеген жағдайда тоқтатылады (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оны орындау мерзімі аяқталғанда). Банк пен оның бастапқы кредиторлары арасындағы елеулі айырмашылығы бар борыштық құралдармен алмасу, сондай-ақ қолданыстағы қаржылық міндеттемелер талаптарының елеулі модификациялары бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану кезінде ескеріледі. Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталып алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақыны қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталып келтірілген құны ең аз дегенде бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталып келтірілген құнынан 10% өзгеше болса, шарттар айтарлықтай айырмашылығы бар деп саналады. Сонымен қатар, құрал деноминирленген валюта, пайыздық мөлшерлеме түрінің өзгеруі, құралды айырбастаудың жаңа шарттары және кредит бойынша шектеу шарттарының өзгеруі сияқты басқа да сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыштық құралдармен алмасу немесе шарттардың модификациясының өтеуі ретінде есепке алынса, барлық шығыстар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайданың немесе залалдың құрамында танылады. Егер айырбастау немесе түрлендіру өтеу ретінде есепке алынбаса, барлық шығыстар немесе төленген сыйақылар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және өзгертілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

**Ақша қаражаты және оның баламалары.** Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнының шамалы өзгеруіне ұшырайтын баптар болып табылады. Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, корреспонденттік және ағымдағы шоттардағы қалдықтар, ҚР ҰБ шоттарындағы міндетті резервтер, ҚР ҰБ ноталары, банкаралық депозиттер және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз "кері репо" шарттары кіреді. Ұсынылған сәтте үш айдан астам мерзімге пайдалану бойынша шектеулер бар қаражат- ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары құрамынан шығарылады. Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте, төленген немесе түскен ақша қаражаты банк контрагенттерінің банкте орналастырылған ағымдағы шоттарына аударылған немесе есептелген, кредит бойынша пайыздық кірістер немесе клиенттің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығару жолымен өндіріп алынған борыштың негізгі сомасы, пайыздық төлемдер немесе клиенттің ағымдағы шотына аударылған, клиенттің көзқарасы бойынша ақша қаражаты немесе олардың баламалары болып табылатын берілген кредиттер сияқты соманы қоса алғанда, ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларын беруді білдіреді.

**Кредиттік мекемелердегі қаражат.** Кредиттік мекемелердегі қаражат Банк контрагенттерге аванстық төлемдер түрінде ақша берген кезде ескеріледі. Кредиттік мекемелердегі қаражат, егер (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталса және бұл ақша ағындары тек қана борыштың және пайыздардың негізгі сомасының есебіне төлемдерді білдірсе және (ii) олар пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаса, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар.** Ақша ағындарының бизнес-моделі мен сипаттамалары негізінде банк борыштық құнды қағаздарға инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жатқызады. Борыштық құнды қағаздар, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын болса, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі, бұл ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне тек қана төлемдер болып табылады және есептік сәйкессіздікті айтарлықтай азайту үшін ерікті негізде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады.

Егер де борыштық құнды қағаздар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін және сату үшін ұсталатын болса, тек қана борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне төлемдер ретінде болады және олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде айқындалмаған болса, амортизацияланған құны бойынша көрініс табады. Осы активтер бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде есептеледі және пайда немесе шығын құрамында табылады. Күтілетін кредиттік шығыстар моделінің негізінде айқындалған құнсыздануға арналған бағалау резерві жыл ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Баланстық құнның басқа да барлық өзгерістері өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Борыштық құнды қағазды тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиынтық пайда немесе залал, өзге жиынтық кірістен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

Егер борыштық құнды қағаздарға инвестициялар амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша көрсету үшін өлшемдерге сәйкес келмесе, олар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша көрсетіледі. Банк сондай-ақ борыштық құнды қағаздарға инвестицияларды бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санаттарға сөзсіз жатқыза алады, егер осы мүмкіндікті қолдану есепке алудың әртүрлі әдістерін пайдаланаса, танылатын немесе бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер арасындағы есептік сәйкессіздікті едәуір азайтады.

**Үлестік бағалы қағаздарға инвестициялар.** Эмитенттің көзқарасы бойынша капиталдың анықтамасына сәйкес келетін қаржы активтері, яғни ақша қаражатын төлеу туралы шарттық міндеттемелері жоқ құралдары бар және Эмитенттің таза активтеріндегі қалдық үлесінің болуын куәландыратын болса, банк үлестік құнды қағаздарға инвестициялар ретінде қарайды. Банк үлестік инвестицияларды бастапқы тану кезінде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызуды сөзсіз таңдаған жағдайларды қоспағанда, үлестік құнды қағаздарға инвестициялар пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Банктің саясаты үлестік инвестицияларды өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызады. Әділ құнды бағалауды таңдау кезінде өзге де жиынтық кіріс арқылы, пайда мен шығыстар әділ құнын асыра бағалаудан болған деп танылады және пайданың немесе залалдың құрамындағы өзге де жиынтық кіріс қайта жіктелмейді, оның ішінде істен шыққан кезде. Құнсызданудан болған шығыстар және оларды қалпына келтіру, егер ондай орын алса, әділ құнның басқа өзгерістерінен бөлек бағаланбайды. Дивидендтер бұрынғысынша пайда мен шығынның бөлігі ретінде танылады, егер де Банк төлемдерді алуға құқылы болса, осындай инвестицияларға кіріс емес, инвестициялардың өтемін білдіретін жағдайларды қоспағанда.

### **3 Есен саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Клиенттерге кредиттер мен аванстар.** Клиенттерге кредиттер мен аванстар банк клиенттерге клиенттің кредитін сатып алу немесе клиентке кредит беру мақсатында аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын ұсынғанда ескеріледі. Ақша ағындарының бизнес-үлгісі мен сипаттамалары негізінде Банк клиенттерге берілетін кредиттер мен аванстарды бағалаудың мынадай санаттарының ажыратады: (i) амортизацияланған құны бойынша: қарыз бен пайыздардың негізгі сомасының есебіне тек қана төлемдерді білдіретін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын кредиттер және ерікті негізде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған кредиттер: (ii) қарыз бен пайыздардың негізгі сомасының, бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін SPPI-тест өлшемдеріне немесе басқа өлшемдерге сәйкес келмейтін басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша пайда немесе шығын арқылы бағаланады.

Құнсыздануға арналған бағалау резервтері күтілетін кредиттік шығыстардың болжамды үлгілері негізінде айқындалады. 25-ескертпеде күтілетін кредиттік шығыстарды бағалау кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер, жорамалдар және есептеу әдістері туралы ақпарат, оның ішінде банктің күтілетін кредиттік шығыстар моделіне болжамды ақпаратты енгізу тәсілін түсіндіру келтіріледі.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы № 110 "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы" заңына сәйкес, Банк төмендегі тұрғын үй қарыздарын ұлттық валютада ұсынады: тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздары.

Тұрғын үй қарызы салымшыларға 3-15 жыл ішінде тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарт бойынша ең аз қажетті жинақ сомасы жинақталған жағдайда беріледі. Жинақтаудың ең аз мерзімі - 3 жыл, жинақтаудың ең аз мөлшері тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін қажетті соманың 50%-ын құрайды. Тұрғын үй қарызы бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2%-дан 5%-ға дейін құрайды. Тұрғын үй қарызын пайдалану мерзімі Банктің таңдаған тарифтік бағдарламасына байланысты 6 жылдан 25 жылға дейін. Тұрғын үй қарызы мынадай талаптарды міндетті түрде орындаған кезде беріледі: i) жинақтардың ең төменгі қажетті сомасын жинақтау; ii) бағалау көрсеткішінің ең төменгі мәніне қол жеткізу; iii) кепілмен қамтамасыз студі ұсыну; iv) қарыз алушының тұрғын үй құрылысы жинақтары туралы шарт күшіне енгеннен кейін, бірақ кемінде үш жылдан кейін төлем қабілеттілігін растау.

Аралық тұрғын үй қарызы салымшыларға қажетті соманың 50%-ы жинақталған немесе мерзімінен бұрын енгізілген кезде беріледі. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2%-дан 12%-ға дейін. Тұрғын үй қарызын пайдалану мерзімі Банктің Өнім желісіне сәйкес 25 жылға дейін.

Алдын ала тұрғын үй қарызы мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар (Нұрлы жер, Алматы жастары, Елорда жастары, Жетісу жастары, Бақытты отбасы, Шаңырақ), сондай-ақ Банктің "Өз үйім" нарықтық бағдарламасы, "Корпоративтік" бағдарламасы, "Әскери қызметшілерді мен АМҰ қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету", "Ұмай" бағдарламалары шеңберінде клиенттердің белгілі бір санатына беріледі.

Алдын ала тұрғын үй қарызы бойынша сыйақы мөлшерлемелері қарыз алушының санатына байланысты шарттық соманың 10%-ынан 50%-ына дейін жинақтау/енгізу кезінде жылдық 2%-дан 12%-ға дейін. Алдын ала тұрғын үй қарызын пайдалану кезеңінде жинақтарды одан әрі жинақтау алдын ала тұрғын үй қарызы бойынша сыйақыны өтеумен бір мезгілде (негізгі борышты төлемей) жүзеге асырылады. Тұрғын үй құрылысы жинақтары туралы шарттың міндетті талаптары орындалған кезде жинақталған жинақ және тұрғын үй қарызы төленеді, ол алдын ала тұрғын үй қарызын өтеуге жіберіледі. Алдын ала тұрғын үй қарызының мерзімі Банктің Өнім желісіне сәйкес 6 айдан 10 жылға дейін.

Нарықтық бағдарламалар бойынша алдын ала тұрғын үй қарыздары 2015 жылғы мамырға дейін жылдық 9,5% сыйақы мөлшерлемесімен, шарттық соманың 25%-ынан 50%-ына дейін жинақтау/енгізу кезінде берілді. Алдын ала тұрғын үй қарызының мерзімі таңдалған тарифтік бағдарламаға байланысты 3 жылдан 8,5 жылға дейін болды (4-ескертпе).

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Құнды қағаздарды сату және кері сатып алу, қарыздар шарты бойынша мәміле.** Несиегердің табысын контрагентке іс жүзінде қамтамасыз ететін сату және кері сатып алу шарты ("РЕПО шарты") бойынша мәмілелер қаражаттарды құнды қағаздармен қамтамасыз ете отырып, тартатын операциялар ретінде қарастырылады. Сату және кері сатып алу шарты бойынша сатылған құнды қағаздарды тану тоқтатылмайды. Құнды қағаздарды қаржы ережесі туралы есептің "РЕПО шарты бойынша дебиторлық қарыз" бабына сұрыптау қабылдаушы тарап шарт бойынша немесе бұл құнды қағаздарды сату немесе қайта салу тәжірибесімен сәйкесінше құқылы болған жағдайда жүзеге асырылады. Тиісінше міндеттемелер "Басқа банктердің қаражаттары" немесе "Қарыз қаражаты" тармақтары бойынша көрінеді.

Банкке кредитордың кірістілігін іс жүзінде қамтамасыз ететін кері сату міндеттемесі ("кері РЕПО") шарттары бойынша мәмілелер бойынша сатып алынған бағалы қағаздар мерзімге және контрагентке байланысты "Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары" немесе "Басқа қаржы институттарындағы қаражат" ретінде көрсетіледі. Контрагент алған пайыздық және дивидендік табысқа түзетілген сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық кіріс ретінде танылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша РЕПО шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге тіркелген сыйақы үшін қарыз ретінде берілген құнды қағаздар контрагенттің шарт бойынша немесе қалыптасқан тәжірибеге сәйкес осы құнды қағаздарды сатуға немесе қайта салуға құқығы бар жағдайларды қоспағанда, қаржылық жағдай туралы есептің бастапқы бабында қаржылық есептілікте көрсетілуін жалғастырады. Мұндай жағдайларда оларды жеке бапқа қайта жіктеу жүргізіледі. Тіркелген сыйақы үшін қарыз ретінде алынған құнды қағаздар, олар үшінші тараптарға өткізілетін жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

**Негізгі құралдар.** Негізгі құралдар негізгі құралдардың жинақталған амортизациясының және құнсызданудан жинақталған шығыстардың шегерімімен (ол қажет етілген жерде) сатып алу құны бойынша есепке алынады.

Жеңіл-желпі жөндеу және ағымдық қызмет көрсету шығыстары олардың туындауына қарай есепке алынады. Негізгі құралдардың ірі бөлшектерін ауыстыру шығыстары ауыстырылған бөлшекті әрі қарай есептен шығару жолымен капиталдандырылады. Жалға алынған мүлікті жақсарту-бұл жалға алынған мүлікке оның қызметіне байланысты белгілі бір қажеттіліктер мен қалауларға бейімделу мақсатында банк жасаған өзгерістер. Бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін банк мүлкін болжамды пайдалану үшін әдейілеп арналған жақсартулар оның меншікті активтері ретінде сараланады.

Әр есепті кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің болуын анықтайды. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық өтелетін соманы бағалауды жүргізеді, ол активтің әділ құнының ең үлкені ретінде, сату шығындары мен пайдаланудан алынған құнды шегергенде айқындалады. Баланстық құн өтелетін құнға дейін азаяды, ал құнсызданудан болған шығын бір жылдағы пайдаға немесе шығынға жатады. Алдыңғы кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсызданудан болған шығын, егер пайдалану құнын немесе оның әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалауларда сату шығындарын шегергенде өзгеріс болған болса, қалпына келтіріледі. Түсім сомасын баланстық құнмен салыстыру жолымен айқындалатын шығудан түскен пайда мен шығын (өзге операциялық кірістер мен шығыстардың құрамында) бір жылдағы пайда мен шығында көрсетіледі.

**Амортизация.** Жер және аяқталмаған құрылыс амортизацияға жатпайды. Пайдалану құқығы нысанындағы өзге де негізгі құралдар мен активтер бойынша амортизация желілік әдісті пайдалана отырып, яғни активтерді пайдалы пайдаланудың мынадай есептік мерзімдері ішінде құнын тарату құнына дейін біркелкі төмендету арқылы есептеледі:

Пайдалы қолдану мерзімі, жыл

Ғимараттар	8 – 100
Көлік құралдары	5 – 7
Кеңсе және компьютер жабдықтары	2 – 10
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	2-3
Басқалар	3 – 20

Активтің таратылу құны – бұл актив пайдалы қолдану мерзімінің соңына және пайдалы қолдану мерзімінің соңына тән сипатқа жеткен кезде есептен шығаруға кететін болжалды шығыстар шегерімімен кейін Банк алатын есептік сома. Активтердің қалдық құны және оларды пайдалы қолдану мерзімі қайта қарастырылады және қажет болса, әрбір есептік кезең соңында түзетіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Материалдық емес активтер.** Банктің материалдық емес активтеріне, негізінен, капиталдандырылған бағдарламалық жасақтама және лицензиялар кіреді. Бағдарламалық жасақтамаға сатып алынған лицензиялар аталған бағдарламалық жасақтаманы сатып алуға және енгізуге кеткен шығыстар негізінде капиталдандырылады. Банк қадағалайтын, сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық жасақтамамен тікелей байланысты әзірleme шығыстары, егер қосымша экономикалық пайда сомасы шығыстардан асып кетсе, материалдық емес активтер сияқты көрсетіледі. Капиталдандырылған шығыстарға бағдарламалық жасақтаманы әзірлеушілер тобына және бастапқы шығыстардың тиісті үлесіне жұмсалатын шығыстар кіреді. Бағдарламалық жасақтамамен (мысалы оған қызмет көрсетумен) байланысты барлық басқа шығыстар олардың туындауына қарай есепке алынады. Материалдық емес активтер бойынша амортизация активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімі ішінде желілік әдісті пайдалану жолымен есептеледі:

	Пайдалы қолдану мерзімі, жыл
Лицензиялар	3-тен 10-ға дейін
	10 - 20
Мамандандырылған бағдарламалық жасақтама	1-ден 3-ке дейін
	3-тен 10-ға дейін
	10 - 14
Стандартты бағдарламалық жасақтама	1-ден 5-ке дейін

Белгіленбеген пайдалану мерзімімен материалдық емес активтер амортизацияланбайды, тек жыл сайын құнсыздану мәніне тексеріледі.

**Банк жалға алушы болып табылатын жалдау шарттарын есепке алу.** Банк кеңселік үй-жайларды жалға алады. Жалдау шарттары банк жалдау нысанасы болып табылатын тиісті активті пайдалануға алған күнгі тиісті міндеттемемен пайдалану құқығы нысанындағы активтер ретінде танылады. Әрбір жалдау төлемі міндеттеме мен қаржылық шығыстар арасында бөлінеді. Қаржылық шығыстар әр кезең үшін міндеттеме қалдығы бойынша тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында жалдау мерзімі ішінде пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Бастапқы құны бойынша танылған пайдалану құқығы нысанындағы Бастапқы құны бойынша танылған пайдалану құқығы нысанындағы актив активті тиімді пайдалану мерзімі ішінде немесе олардың қайсысы бұрын аяқталатынына байланысты жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

Жалдау шарты бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқыда келтірілген құн бойынша бағаланады. Жалдау бойынша міндеттемелер келесі жалдау төлемдерінің таза келтірілген құнын қамтиды:

- алуға ынталандыратын төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдер (мәні бойынша тіркелген төлемдерді қоса алғанда);
- индекске немесе мөлшерлемеге негізделген ауыспалы жалдау төлемдері;
- қалдық құн кепілдігінің шарттары бойынша жалға алушының алатын сомасы;
- егер жалға алушыда опционның орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционының орындалу бағасы;
- егер жалдау мерзімі жалға алушының осы опционды іске асырғанын көрсетсе, жалдау шартын бұзу үшін айыппұл төлеу.

Жалдау төлемдері жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер мұндай мөлшерлеме анықталмаса, онда қарыз капиталына өсім мөлшерлемесі пайдаланылады, өйткені бұл ұқсас талаптарда ұқсас экономикалық ортада ұқсас құн активін алу үшін қажетті қаражатты тарту үшін Жалға алушыға төлеуге тура келетін пайыздық мөлшерлеме.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер есепке ала отырып, өзіндік құны бойынша бағаланады:

- жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау сомасы;
- жалдау шартының қолданылуы басталған күні немесе оған дейін жүзеге асырылған барлық жалдау төлемдері, жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді шегергенде;
- барлық бастапқы тікелей шығыстар;
- қалпына келтіру жұмыстарының құны.

Ерекшелік ретінде банк шығыстарда жалдау төлемдерін желілік әдіспен көрсете отырып, құны аз мүлікті қысқа мерзімді жалдау және жалға алу есебін жүргізеді.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Жалға алу мерзімін айқындау кезінде банк басшылығы жалға алуды ұзарту немесе жалға алуды бұзуға опционды пайдаланбау үшін экономикалық негіз қалыптастыратын барлық фактілер мен жағдайларды ескереді. Жалдауды ұзартуға арналған опциондар (немесе жалдау шартын бұзуға арналған опциондарды орындау мерзімінен кейінгі уақыт кезеңдері), егер шарт ұзартылатынына (немесе бұзылмайтындығына) жеткілікті сенім болса ғана жалдау мерзіміне енгізіледі.

Бағалау елеулі оқиға немесе осындай бағалауға әсер ететін мән-жайларда елеулі өзгерістер болған жағдайда және бұл ретте жалға алушының бақылауындағы жағдайда қайта қаралуға жатады. Банк COVID-19-ға байланысты жалдау жөніндегі келісімшарттардың шарттарын (басқаға берулерін) қайта қарауды жүзеге асырған жоқ.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк 529,929 мың теңге мөлшерінде пайдалану құқығы нысанындағы активтерді, сондай-ақ Қаржылық жағдай туралы есепте "Басқа да қаржылық міндеттемелер" бабында 626,653 мың теңге мөлшерінде жалдау бойынша тиісті міндеттемені мойындады.

**Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер.** Ұзақ мерзімді активтер қаржылық жағдай туралы есепте "сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер" ретінде көрсетіледі, егер олардың баланстық құны, негізінен, есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде сату арқылы өтелетін болса (осы активтерді ұстап қалатын еншілес компанияны бақылауды жоғалтуды қоса алғанда) қайтарылады. Активтерді қайта жіктеу үшін барлық мынадай критерийлердің сақталуын талап етеді: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайында дереу сатуға дайын; (б) банк басшылығы сатып алушыны іздеу жөніндегі қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны іске асыруға кірісті; (в) барабар құн бойынша активтерді сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сату бір жыл ішінде жүзеге асырылады деп күтілуде және (д) сату жоспарының елеулі өзгеруі немесе оны жою күтілмейді. Ағымдағы есепті кезеңдегі қаржылық жағдай туралы есепте сату үшін ұсталатын деп есептеліп, жіктелген ұзақ мерзімді активтер қайта жіктелмейді және ағымдағы есепті кезеңнің соңындағы жіктеуге сәйкес келтіру үшін қаржылық жағдай туралы есептің салыстырмалы деректерінде ұсыну нысанын өзгертпейді.

Осы активтер тұтастай алғанда баланстық құнның және сатуға арналған шығыстарды шегере отырып әділ құнның азы бойынша бағаланады. Сатуға арналған негізгі құралдар амортизацияланбайды.

**Басқа банктердегі қаражат.** Басқа кредиттік мекемелердің қаражаты контрагенттердің банкке ақша қаражатын немесе өзге активтерді берген сәтінен бастап көрсетіледі. Туынды емес қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Егер Банк өз берешегін сатып алса, бұл міндеттеме қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтеу арасындағы айырма берешекті реттеуден түскен кірістердің немесе шығыстардың құрамына енгізіледі.

**Клиенттердің қаражаты.** Клиенттердің қаражаты жеке және заңды тұлғалар алдындағы туынды емес қаржылық міндеттемелерді білдіреді, бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша мәмілеге тікелей байланысты шығындарды шегергенде көрсетіледі және амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

**Қарыз қаражаты.** Қарыз қаражаты Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Бас компаниядан, жергілікті атқарушы органдардан, халықаралық қаржы және өзге де ұйымдардан алынған кредиттерді қамтиды.

Қарыз қаражаты бастапқы тану кезінде мәмілемен тікелей байланысты шығыстарды шегере отырып, әділ құн бойынша көрсетіледі және амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

**Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.** Шығарылған борыштық құнды қағаздарға Банк шығарған облигациялар кіреді. Борыштық бағалы қағаздар бастапқы тану кезінде мәмілеге тікелей байланысты шығыстарды шегергенде әділ құны бойынша көрсетіледі және амортизацияланған құны бойынша есепке алынады. Егер Банк меншікті шығарылған борыштық құнды қағаздарды сатып алса, олар қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтеу арасындағы айырма берешекті реттеуден түскен кірістер құрамына енгізіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Мемлекеттік субсидиялар.** "Бақытты Отбасы" және "Шаңырақ" бағдарламалары шеңберінде клиенттерге кредит беруге мемлекеттен қарыз және шығарылған бағалы қағаздар түрінде алынған қаражаттан нарықтық бағадан төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Сыйақы мөлшерлемесінен түсетін пайда нарықтық құннан төмен қарыздың бастапқы баланстық құны мен түсімдер сомасы арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар Банк бастапқы тану және олардың кейіннен амортизациясы, сондай-ақ тартылған қаражат бойынша дисконттың амортизациясы кезінде берілген қарыздар бойынша дисконт сомасын шығыстар ретінде танитын кезеңдер ішінде жүйелі негізде пайда немесе шығын құрамында танылады.

**Пайдаға салынатын салықтар.** Қаржылық есептілікте қолданыстағы және есептік кезең соңында нақты күшіне енген салықтық мөлшерлемелер мен заңнамалық нормаларды пайдалана отырып, заңнама талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығыстар көрсетілген. Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар мен үнемге ағымдық салықтар бойынша шығыс/кіріс және кейінге қалдырылған салық бойынша шығыс/кіріс кіреді және егер олар сондай-ақ осы және басқа кезеңде басқа жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілген операцияларға жататындығына байланысты басқа жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілуі тиіс болмаса, жыл ішіндегі пайда немесе зиянда көрсетіледі. Ағымдық салық салық органдарына төлеу немесе ағымдық және алдағы кезеңдер үшін салық салынатын пайда немесе зиянға қатысты салық органдарының қайтаруы күтілетін пайда салығының сомалары негізінде есептеледі.

Егер қаржылық есептілік тиісті салықтық декларацияларды бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе зиян бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Пайдаға салықты қоспағанда, салықтар бойынша басқа шығыстар әкімшілік және басқа операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған пайдаға салынатын салық болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалына қатысты міндеттемелерді және активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың қаржылық жағдай туралы есептегі баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды есептеудің баланстық әдісімен есептеледі. Бастапқы тануға арналған ерекшелікке сәйкес, егер бастапқы тану операциясы бухгалтерлік есепке де, салық салынатын пайдаға да әсер етпесе, кейінге қалдырылған салық активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты есепке алынбайды, бизнесті біріктіру нәтижесінде пайда болатын бастапқы тану жағдайларынан басқа. Кейінге қалдырылған салықтардың қалдықтары есепті кезеңнің соңында қабылданған немесе мәні бойынша қолданыста болатын және уақытша айырмалар қалпына келтірілетін немесе кейінге қалдырылған салық шығындары пайдаланылатын кезеңде қолданылатын салық мөлшерлемелерін пайдалана отырып айқындалады.

Жалдау төлемдері бойынша салық шегерімдері активтің амортизациясына пайдалану құқығы түрінде, ал пайыздық шығыстар жалдау міндеттемелеріне жатады. Осылайша, Банк жалға алушы ретінде әрекет ететін жаңа жалдау шартын бастапқы тану кезінде уақытша айырмашылықтар болмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмаларға және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдарына қатысты болашақта салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады, оған қарсы шегерілетін сомалар пайдаланылуы мүмкін.

Қарыз қаражаты мен нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша тартылған борыштық бағалы қағаздар бойынша салық салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері қайта бағаланған міндеттеменің баланстық құны мен олардың салық құны арасында туындайды.

**Белгіленбеген салықтық позициялар.** Банктің белгіленбеген салықтық позицияларын басшылық әрбір есептік кезең соңында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық егер Банктің салықтық позициясын салық органдары даулаған жағдайда, қосымша салықтық міндеттемелер туындауы мүмкін деп санаған жағдайларда есепке алынады. Мұндай бағалау қолданыстағы немесе есептік кезең соңында күшіне енген салықтық заңнама түсініктемесі және кез келген белгілі сот қаулысы немесе осы сияқты мәселелер бойынша өзге шешім негізінде орындалады. Айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есептік кезең соңына міндеттемелерді реттеуге қажетті шығыстарды ең үздік бағалауы негізінде көрсетіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

**Жеткізушілермен есеп айырысу және басқа кредиторлық берешек.** Кредиторлық берешек контрагент өз міндеттемелерін орындаған кезде танылады және амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Кредиторлық берешектің қысқа мерзімділігіне байланысты амортизацияланған құнды есептеу үшін болашақ ақша ағындарын дисконттау әсері маңызды емес.

**Акционерлік капитал.** Қарапайым акциялар меншікті капитал ретінде көрсетіледі. Жаңа акциялардың эмиссиясына тікелей қатысты қосымша шығындар меншікті капиталда кірістің азаюы ретінде көрсетіледі (салықты қоспағанда). Алынған өтемің әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнынан асатын сома меншікті капиталда эмиссиялық кіріс ретінде көрсетіледі.

**Қосымша төленген капитал.** Қосымша төленген капитал акцияларды орналастырмай акционерлер Банкке берген немесе көрсеткен не акциялардың болашақ эмиссияларының есебіне берілген активтердің немесе қызметтердің құнын білдіреді. Холдингтен, ҚР Үкіметінен, қаржы/қаржылық емес ұйымдардан нарықтық құннан төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде әділ құнды түзету капиталда қосымша капитал ретінде көрсетіледі, өйткені Банк мұны капиталға салым ретінде бағалайды, яғни қаржыландыру Банктің негізгі пайда әкелетін қызметін білдіретін мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін беріледі және мемлекеттік органдар басқа қаржы институттарына ұқсас қарыздар бермейді, өйткені Банктің ипотекалық өнімдері нарықта бірегей болып табылады. Балама ретінде мемлекеттік субсидиялардың есебін пайдалануға болады, осылайша пайда акционерлік капиталға салымның орнына кейінге қалдырылған кіріс міндеттемесі ретінде танылады және кейіннен алынған қарыз/берілген қарыздың қолданылу мерзімі ішінде кіріс ретінде амортизацияланады. Мұндай есеп мемлекеттік гранттардың есебі пайдаланылатын "Бақытты отбасы" және "Шаңырақ" бағдарламаларынан басқа, мемлекеттік бағдарламалар бойынша алынған барлық қаржыландыру үшін пайдаланылады. Бухгалтерлік есептің айырмашылығы бұл бағдарламалар Банктің пайыздық емес шығыстарын жабу үшін жеткілікті пайыздық маржаны қамтамасыз етпейтіндігімен түсіндіріледі, сондықтан мұндай бағдарламалар Банк үшін шығынды болып табылады және оларды капиталға салым ретінде қарастыруға болмайды.

**Дивидендтер.** Дивидендтер олар жарияланған кезеңде меншікті капиталда көрсетіледі. Есепті кезең аяқталғаннан кейін, бірақ қаржылық есептілік шығарылымға бекітілгенге дейін жарияланған барлық дивидендтер туралы ақпарат "Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар" ескертпесінде ашылады.

**Кірістер мен шығыстарды мойындау.** Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеуге пайыздық кіріс пен шығысқа шарт тараптары төлеген және алған, пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдар, мәміле бойынша шығасылар, сондай-ақ барлық басқа сыйлықақылар немесе жеңілдіктер кіреді.

Пайыздың тиімді мөлшерлемесіне жататын комиссияларға қаржы активін қалыптастырумен немесе сатып алумен немесе қаржы міндеттемесін шығарумен байланысты алынған не төленген комиссиялар кіреді (мысалы, кредит қабілеттілігін бағалағаны үшін, кепілдіктерді не қамтамасыз етуді бағалағаны не есепке алғаны үшін, құралды беру талаптарын реттегені үшін және мәміле бойынша құжаттарды өндегені үшін комиссиялық алымдар). Нарықтық мөлшерлемелер бойынша кредит беру міндеттемелерінің шығарылымы үшін Банк алған комиссиялар егер Банк нақты кредиттік келісім жасаса және кредитті ол берілген соң қысқа мерзім ішінде сатуды жоспарламайтын болса, пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Банк кредит беру міндеттемесін әділ құны бойынша бағаланатын, оның өзгеруі пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін қаржы міндеттемесі ретінде жіктемейді.

Құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтеріне қатысты тиімді пайыздық мөлшерлеме бастапқы тану кезінде (әдетте сатып алу бағасына сәйкес келеді) әділ құнға дейін күтілетін ақша ағындарын (бастапқы күтілетін кредиттік шығыстарды қоса алғанда) дисконттайтын мөлшерлемені білдіреді. Нәтижесінде тиімді пайыз кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген болып табылады.



### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Пайыздық кіріс қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені: (i) құнсызданған қаржы активтерінен (3-себет) және олардың амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептелінген (күтілетін кредиттік шығыстарға арналған резервті шегере отырып); және (ii) кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизацияланған құнына қолданып құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқаларды қолдана отырып есептеледі.

Барлық комиссиялық кірістер, басқа кірістер және басқа шығыстар, әдетте, көрсетілуі тиіс қызметтердің жалпы көлемінде нақты көрсетілген қызмет үлесі ретінде белгіленетін нақты мәміленің аяқталу дәрежесіне тәуелді түрде есептеу әдісі бойынша көрсетіледі.

Үшінші тұлғалар үшін мәмілені ұйымдастыру, мысалы кредиттер, акциялар және басқа құнды қағаздар сатып алу немесе аталған операцияларды жасаған кезде алынған компанияларды сатып алу не сату бойынша комиссиялық кірістер мәміле аяқталған соң көрсетіледі. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі комиссиялық кірістер және өзге де басқарушылық және консультациялық қызметтер көрсету туралы шарттардың талаптарына сәйкес, әдетте, жұмсалған уақытқа пропорционалды түрде көрсетіледі.

**Өзара есеп.** Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржы жағдайы туралы есепте таза шама тек көрсетілген сомалардың өзара есебін жүргізудің заңнамалы белгіленген құқығы болған, сондай-ақ өзара есеп жүргізу немесе бір мезгілде активті сату және міндеттемені реттеу ниеті болған жағдайларда ғана көрсетіледі. Өзара есептің қарастырылатын құқығы 1) келешекте болуы мүмкін жағдайларға тәуелді болмауы тиіс және 2) мынадай жағдайларда: (а) әдеттегі қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында, (б) төлемдер бойынша міндеттемелер орындалмаған кезде (дефолт оқиғалары) және (в) төлемге жарамсыздық немесе банкроттық жағдайында жүзеге асырудың заңды мүмкіндігі болуы тиіс.

**Акцияға пайда.** Акцияға шаққандағы пайда Банктің иелерінің үлесі болып табылатын пайданы немесе шығынды бір жыл ішінде өтінімде болып табылатын акцияның орташа безбенделген көлеміне бөлу арқылы есептеледі.

**Қызметкерлерді қамтамасыз ету шығыстары және онымен байланысты аударымдар.** Жалақы шығындары, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті жарналар, әлеуметтік салық, жыл сайынғы демалыс пен ақылы еңбек демалысына есептелген шығыстар, ерікті медициналық сақтандыру, сыйлықақылар және ақшалай түрдегі әлеуметтік көмек. Банктің белгіленген жарналары бар мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, зейнетақы немесе осыған ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе тәжірибеге негізделген міндеттемелері жоқ.

**Сегменттер бойынша есептілік.** Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдердің қабылдануына жауапты Банктің тұлғасына немесе органына берілетін ішкі есептілікпен сәйкестігінен құралады. Сегмент, егер оның кірістері, қаржы нәтижесі немесе активтер барлық сегменттердің он немесе одан көп пайыздарын құраса, оларды ерекше ашу қажет.

**Өтімділік тәртібіндегі қаржы жағдайы туралы есептің бантарын беру.** Банктің нақты бір анықталған операциялық циклы жоқ, және сол үшін Банк қаржы жағдайы туралы есептегі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді жеке қарастырмайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша 25-ескертпеде берілген.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы**  
**2022 жылғы қаржылық есептілік**

**3 Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 25-ескертпеде келтірілген талдауға енгізілмеген баптар үшін есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе кейін өтеуге немесе өтеуге күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

	2022 ж. 31 желтоқсан			2021 ж. 31 желтоқсан		
	Өтелуі/жабылуы күтілетін сомалар			Өтелуі/жабылуы күтілетін сомалар		
	есептік кезең аяқталған соң 12 ай ішінде	есептік кезең аяқталған соң 12 ай откен соң	Жиыны	есептік кезең аяқталған соң 12 ай ішінде	есептік кезең аяқталған соң 12 ай откен соң	Жиыны
(мың қазақстандық теңгемен)						
Материалдық емес активтер	-	6,711,795	6,711,795	-	5,566,033	5,566,033
Негізгі құралдар	-	4,756,831	4,756,831	-	4,634,916	4,634,916
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	-	529,929	529,929	-	553,103	553,103
Басқа да активтер	331,252	-	331,252	354,054	-	354,054
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	249,493	-	249,493	272,678	-	272,678
<b>Жиыны:</b>	<b>580,745</b>	<b>11,998,555</b>	<b>12,579,300</b>	<b>626,732</b>	<b>10,754,052</b>	<b>11,380,784</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>						
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер	387,342	-	387,342	92,900	-	92,900
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	(645,687)	29,668,587	29,022,900	(594,692)	25,709,138	25,114,446
Мемлекеттік субсидиялар	4,739,377	256,750,111	261,489,488	45,678,402	176,303,538	221,981,940
<b>Жиыны:</b>	<b>7,608,764</b>	<b>286,418,698</b>	<b>294,027,462</b>	<b>47,858,474</b>	<b>202,012,676</b>	<b>249,871,150</b>

**4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары**

Банк қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бағалауды жүргізеді және болжамдар жасайды. Бағалаулар мен пайымдаулар басшылық тәжірибесі және басқа факторлар, оның ішінде басшылық ағымдағы жағдайларға негізделген деп санайтын болашақ оқиғаларға қатысты күтулер негізінде үнемі талданады. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық пайымдаулар мен бағалауларды да қолданады. Қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар және нәтижесі келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

**Күтілетін кредиттік шығыстарды бағалау.** Күтілетін кредиттік шығыстарды бағалау - сандық бағалау, оны алу үшін 2021 жылғы 31 желтоқсандағы бағалау әдіснамасы, модельдері мен бастапқы деректері пайдаланылады. Күтілетін кредиттік шығыстарды бағалау әдіснамасында өткен кезеңде елеулі өзгерістер болған жоқ. Мынадай компоненттер кредиттік шығыстарға арналған бағалау резервіне елеулі әсер етеді: дефолтты айқындау, кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт жағдайында шығын мөлшері, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлер модельдері. Банк болжамды кредиттік шығыстар мен кредиттер бойынша нақты шығыстар арасындағы алшақтықты азайту мақсатында модельдер үшін модельдер мен бастапқы деректерді үнемі тексереді және растайды.

Банк күтілетін кредиттік шығыстарды, негізінен өзінің болжамды макроэкономикалық моделінің нәтижелерін бағалау үшін расталған болжамды ақпаратты пайдаланды. Банк макроэкономикалық функцияларды жыл сайынғы негізде тексереді, өйткені макроэкономикалық тәуелділік уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары (жалғасы)**

2022 жылы Банк 2022 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша макроэкономикалық айнымалыларға талдау жүргізді. Талдау нәтижелері бойынша дефолт деңгейі мен макроэкономикалық факторлар арасындағы байланыстың болуы расталмады, осыған байланысты макроэкономикалық фактор 100% деңгейінде бекітілді (бұл әсердің жоқтығын көрсетеді).

Банк жылына кемінде 1 рет LGD ең төменгі мәнін есептеуді жүзеге асырады (күтілетін кредиттік шығындарды есептеуде пайдаланылатын дефолт кезінде туындайтын шығындарды бағалау), ол "Отбасы банк" АҚ резервтерін (провизияларын) есептеу әдістемесіне" сәйкес жүргізілді, көрсеткіштің өзгеруі кіріс деректерінің өзгеруіне байланысты (кепілді сату кезіндегі орташа дисконт). Бұл күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтердің жалпы мөлшерінің айтарлықтай өзгеруіне себеп болған жоқ. 2022 жылдың мамырында LGD минимумын бұрынғы 29% мәнінен 30%-ға дейін ұлғайту бекітілді. Есеп "Отбасы банк" АҚ резервтерін (провизияларын) есептеу әдістемесіне" сәйкес жүргізілді, көрсеткіштің өзгеруі кіріс деректерінің өзгеруіне байланысты (кепілді сату кезіндегі орташа дисконт). Бұл күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтердің жалпы мөлшерінің айтарлықтай өзгеруіне себеп болған жоқ. COVID-19 пандемиясына байланысты провизияларды есептеу моделін түзету жүргізілген жоқ. Төлемдерді кейінге қалдыру ұсынылған қарыздарды жіктеу жалпы негіздерде жүргізілді. PD және LGD параметрлеріне айтарлықтай әсер айқындалған жоқ.

Макроэкономикалық жағдайдың күтілетін кредиттік шығындарға әсерін талдау барысында Банк әлеуметтік және экономикалық сипаттағы негізгі оқиғалардың салдарын бағалайды, бар сараптамалық пікірлерді ескереді, экономикалық параметрлер мен кредиттік портфельдің мінез-құлқы арасындағы өзара байланысты анықтайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептен шығарылған және кешірілген берешек сомасы 204,111 мың теңгені (52 қарыз) құрайды.

**Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі.** Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін анықтау үшін Банк есепті күнге қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану күніне дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады. Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын бағалау әдіснамасында өткен кезеңде өзгерістер болған жоқ. Бағалау процесінде есепті күнгі кредиттік тәуекелдің нақты деңгейі емес, кредиттік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қаралады. Банк бірқатар факторларды, оның ішінде нақты клиенттік портфельдердің мінез-құлқы аспектілерін қоса алғанда, шамадан тыс шығыстар мен күш-жігерсіз қол жетімді барлық негізделген және расталған болжамды ақпаратты ескереді. Банк дефолт сәтіне дейін кредиттік тәуекелді ұлғайтудың әрекеттік белгілерін және жеке құрал немесе портфель деңгейінде кредиттік тәуекелді бағалауға тиісті болжамды ақпаратты енгізуді айқындайды.

Егер клиенттердің барлық кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік шығындар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланса (яғни, есепті күні 1-себетте болатын және 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар ретінде бағаланатын кредиттер мен қарыздарды қоса алғанда), қалған барлық факторлар өзгеріссіз қалатын болса, күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау резерві 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша табыс салығына дейін 8,809,405 мың теңгеге артық болар еді (2021 жылғы 31 желтоқсанда табыс салығына дейін 3,343,606 мың теңге артық болар еді).

Егер құнсызданған кредиттер бойынша дефолт (LGD) жағдайында шығындар 100% болса, бұл ретте барлық басқа факторлар өзгеріссіз қалатын болса, онда күтілетін кредиттік шығындар үшін бағалау резерві 5,388,651 мың теңгеге (2021: 3,858,309 мың теңгеге) ұлғаятын еді. Барлық басқа факторлар өзгеріссіз қалды.

**Қаржы құралдарының нарықтық бағадан төмен мөлшерлеме бойынша әділ құны.** Банктің қолданыстағы тарифтік бағдарламаларына сәйкес тұрғын үй қарыздары, алдын ала тұрғын үй қарыздары және халыққа ұсынылатын аралық тұрғын үй қарыздары 2%-дан 12%-ға дейін, тұрғын үй қарыздары бойынша 2%-дан 5%-ға дейін сыйақы мөлшерлемесіне ие. Тұрғын үй қарыздары әлеуетті қарыз алушының жинақ шотында шарттық сомадан 50% жинақ болған жағдайда, бағалау көрсеткішіне жеткен және жинақтаудың ең аз мерзімі кемінде үш жыл сақталған кезде беріледі. Аралық тұрғын үй қарыздары мерзімінен бұрын жинақтау немесе ең төменгі қажетті соманы (шарттық соманың кемінде 50%-ы) кейіннен шарттық сома шегінде кредит беру талаптарымен беріледі. Алдын ала тұрғын үй қарызы негізгі борышты өтеу шартынсыз шарттық сома алынғанға дейін беріледі, ол бойынша қалдығы шарттық сома есебінен өтеледі. Бұл ретте жинақтар бойынша сыйақы мөлшерлемесі 2%-ды құрайды.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары (жалғасы)**

Банк мұндай өнімдердің болмауына байланысты Банк берген кредиттер мен жеке тұлғаларға депозиттер нарықта бірегей болып табылады деген қорытындыға келді. Демек, негізгі немесе ең тиімді нарық үшін жарамды баға бола отырып, операцияның бағасы мәміле бойынша шығындарды ескере отырып, кейінгі түзетуді қажет етпейді. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген кредиттерді қоса алғанда, жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша берілген кредиттер ерекшелік болып табылады. Осы кредиттер бойынша, бастапқы тану кезінде Банк әділ құнын айқындау әдістемесіне сәйкес жеңілдікті емес мөлшерлемелер бойынша берілген кредиттер бойынша есептелген орташа өлшенген мөлшерлемені пайдалана отырып, әділ құнын түзетеді. Бұл мөлшерлеме қолданыстағы кредиттік портфель бойынша айына бір рет аралық және алдын ала қарыздар бойынша бөлек есептеледі және келесі айда жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша жаңадан берілген қарыздарға қолданылады.

Мемлекеттік бағдарламаларды және жергілікті атқарушы органдардың бағдарламаларын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша іске асыру үшін қарыздар мен шығарылған борыштық бағалы қағаздарды бастапқы тану кезінде әділ құнды түзету капиталда қосымша капитал ретінде көрсетіледі, өйткені Банк мұны капиталға салым ретінде бағалайды, яғни қаржыландыру маржиналдық пайданы түрлендіре отырып, Банктің негізгі қызметін білдіретін мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін беріледі. Сондай-ақ мемлекеттік органдар басқа қаржы институттарына ұқсас кредиттер бермейді, өйткені Банктің ипотекалық өнімдері нарықта ерекше. Сонымен қатар, мемлекеттік субсидиялардың есебін пайдалануға болады, осылайша пайда акционерлік капиталға салымның орнына кейінге қалдырылған міндеттеме ретінде танылады және кейіннен алынған қорландырудың қолданылу мерзімі ішінде кіріс ретінде амортизацияланады. Мұндай есепке алу мемлекеттік субсидияларды есепке алу пайдаланылатын "Бақытты отбасы" және "Шаңырақ" бағдарламаларын қоспағанда, мемлекеттік бағдарламалар бойынша алынған барлық қаржыландыру үшін пайдаланылады. Бухгалтерлік есептің айырмашылығы бұл бағдарламалар Банктің пайыздық емес шығыстарын жабу үшін жеткілікті пайыздық маржаны қамтамасыз етпейтіндігімен түсіндіріледі, сондықтан мұндай бағдарламалар Банк үшін шығынды болып табылады және оларды капиталға салым ретінде қарастыруға болмайды.

Қаржы құралдарын нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша бастапқы тану кезінде туындайтын кірістерді шегергендегі шығыстар 2022 жылы 23,915,177 мыңды (2021: 41,393,980) құрады.

Төмендегі кестеде мерзімі мен пайыздық мөлшерлемесі бойынша ұқсас талаптармен қарыз алу бойынша орташа нарықтық мөлшерлемелерден айтарлықтай ерекшеленетін келісімшарттық талаптар бойынша тартылған/орналастырылған қаражат ұсынылған және әділ құны бойынша қаржылық есептілікте танылған.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы  
2022 жылғы қаржылық есептілік**

**4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары (жалғасы)**

(мың қазақстандық теңгемен)

Дебиторлар/ кредитор	Шарт сомасы	Шарт мерзімі (жыл)	Номиналды/нарықтық мөлшерлеме (%)	Дисконт/ мемлекеттік субсидия сомасы	Ескертпе
"Береке Банк" АҚ	100,000,000	1,5	10 / 20,01	(8,620,512)	*Есептеу әдісі; орналастырылған қаражат; қосымша капитал
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	158,500,000	11-20	0,15-1 / 4,5656-12,54	99,466,456	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
	220,000,000	25	0,01 / 9,4056-13,38	204,695,849	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; мем.субсидиялар
Алматы қаласының әкімдігі	41,862,160	8-25	0,01 / 8,4304-13,38	28,918,924	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
	8,848,000	25	0,01 / 8,7015-12,10	7,159,644	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; мем.субсидиялар
Бәйтерек ҰБХ АҚ (Бас компания)	22,000,000	20	0,15 / 7,9694	13,541,732	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
	210,000,000	20	4,05 / 10,99-13,7	123,114,513	*Есептеу әдісі; шығарылған борыштық бағалы қағаздар; мем.субсидиялар
"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ	80,000,000	1,5	10 / 14,27	3,454,780	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
Астана қаласының әкімдігі	3,000,000	8	0,01 - 0,15 / 10,4401 - 13,90	1,437,136	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
Қарағанды облысының әкімдігі	2,000,000	8	0,01 / 12,81-13,28	998,802	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Орал қаласы әкімінің аппараты" ММ	50,000	8	0,01 / 13,51	24,644	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Жамбыл облысы әкімінің аппараты" КММ	500,000	8	0,01 / 13,38	246,319	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Қостанай қаласы әкімінің аппараты" ММ	350,000	8	0,01 / 13,38	176,561	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Алматы облысы әкімінің аппараты" ММ	600,000	8	0,01 / 13,49	303,512	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Талдықорған қаласы әкімінің аппараты" ММ	400,000	8	0,01 / 13,66	204,023	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" ММ	300,000	8	0,01 / 13,66	152,877	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Атырау қаласы әкімінің аппараты" ММ	1,000,000	8	0,01 / 13,90	513,764	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Абай облысы Семей қаласы әкімінің аппараты" ММ	663,000	8	0,01 / 13,90	341,537	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; қосымша капитал
"Қаражанбасмұнай" АҚ	1,316,432	4	2 / 11,54	383,153	*Есептеу әдісі; шығарылған борыштық бағалы қағаздар; пайда мен шығын
"НЗМ" ДББҰ	334,900	8	0,01 / 10,72-13,31	197,033	*Есептеу әдісі; қарыз қаражаты; пайда мен шығын

<sup>1</sup> Айналыс мерзімі ұқсас МБК бойынша табыстылық мөлшерлемесі;

<sup>2</sup> сызықтық функцияны қолдана отырып, көрсетілген тәуелділікті линеаризациялау арқылы теңгеде номиналданған МБК бойынша кірістілік мөлшерлемесі

<sup>3</sup> "Бәйтерек" ҰБХ АҚ және еншілес ұйымдар пайдаланатын Нельсон-Зигельдің параметрлік моделін қамтитын әділ құнды анықтаудың көп компонентті әдістемесі.

\* "Отбасы Банк" АҚ қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің әділ құнын айқындау әдістемесіне сәйкес. Әдістеме Қазақстан Республикасының заңнамасына, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына, банктің есеп саясатына, сондай-ақ бас компанияның қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің әділ құнын айқындау жөніндегі жалпы әдістемеге сәйкес әзірленді. 2021 жылы Банк бағалау әдісін өзгерту бөлігінде өз пікірін өзгертті, егер мұндай өзгеріс қалыптасқан жағдайда неғұрлым дәл баға алуға әкелетін болса. Оқиғалар туындаған кезде (Әдістемеді сипатталған) Банк осы Әдістемеге сәйкес активтердің/міндеттемелердің әрбір тобы/типін үшін түзетілген бағалау әдісін пайдаланады.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары (жалғасы)**

##### **Қаржы институттарындағы қаражат - әділ құнды және күтілетін кредиттік шығыстарды (ККШ) бағалау.**

2022 жылғы 25 тамызда "Сбербанк" АҚ ЕБ акцияларын Бас компанияның сатып алуы жөніндегі мәміле шеңберінде Банкке "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-дан (Бас компанияның еншілес ұйымы) 80,000 миллион теңге мөлшерінде тартылған банкаралық салым түрінде қаражат берілді. Бас компанияның шешіміне сәйкес 2022 жылғы 25 тамызда Банк 2024 жылғы 26 ақпанда өтеу мерзімімен 100,000 миллион теңге мөлшерінде "Сбербанк" АҚ ЕБ-ге (кейіннен "Bereke Bank" АҚ деп өзгертілді) банкаралық салымды орналастырды.

Осы қаржы құралдарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, шарттық болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталды.

Бастапқы тану күніндегі нарықтық пайыздық мөлшерлемені анықтау үшін Банк келесі болжамдарды қолданды:

- көрсетілген күнге тиісті өтеу мерзімімен Қазақстанның мемлекеттік облигацияларының теңгемен кірістілік қисығы;
- көрсетілген күнге сәйкес өтеу мерзімімен АҚШ қазынашылық облигациялар кірістілігі қисығы;
- кредиттік тәуекел үшін Банк сыйлықақысы.

Жүргізілген талдау нәтижесінде бастапқы тану мақсатында дисконттау мөлшерлемесі жылдық 20,01%-ды құрады және Банк кейінге қалдырылған салық активін шегергендегі 8,620,512 мың теңге мөлшерінде қосымша төленген капиталдағы шығынды мойындады, өйткені қаражатты орналастыру туралы шешімді Бас компания қабылдады. Банктің "Bereke Bank" АҚ-да орналастырылған депозитті біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын алып қоюға құқығы жоқ. Сонымен қатар, 2021 жылдың қорытындысы бойынша "Сбербанк" АҚ ЕБ активтер мөлшері бойынша елімізде екінші, таза пайда нәтижелері бойынша үшінші, меншікті капитал мөлшері бойынша бесінші болды, бұл "Сбербанк" АҚ ЕБ болашақта мемлекет тарапынан қаржылық қолдау алу әлеуетін айғақтады, оны көрсету мүмкіндігі Банктің қаражатты орналастыруы сәтінде белсенді талқыланды, бұл "Сбербанк" АҚ ЕБ бас компаниясы акцияларының бақылау пакетін сатып алуында көрініс тапты. Осылайша, бұл факторлар Банк депозитті 1-себетке жатқызған кезде ескерілді. Егер бастапқы тану кезінде дисконттау мөлшерлемесі 24% болса, онда орналастыру сәтіндегі депозиттің баланстық құны 85,246,594 мың теңге болады және кейінге қалдырылған салық активін шегергендегі дисконт сомасы 11,802,724 мың теңгені құрайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Bereke Bank" АҚ-дағы депозит бойынша ККШ бойынша резервтерді есептеу CCC рейтингін пайдалана отырып есептелді. Бұл ретте ККШ бағалау кезінде санкциялық шектеулер сияқты басқа факторлар да ескерілді.

#### **5 Жана немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу**

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай түзетулер күшіне енді:

"Нысаналы пайдалану басталғанға дейін алынған табыс", "Ауыртпалықты шарттар - Шартты орындауға арналған шығындар", "Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме" - 16 ХҚЕС (IAS), 37 ХҚЕС (IAS) және 3 ХҚЕС (IFRS) қолдану аясы шектеулі түзетулер және 2018-2020 жылдардағы ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері - 1 ХҚЕС (IFRS), 9 ХҚЕС (IFRS), 16 ХҚЕС (IFRS) және 41 ХҚЕС (IAS) түзетулері (2020 жылдың 14 мамырында шығарылды және 2022 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

- 16 ХҚЕС (IFRS) түзетуі ұйымдарға ұйым осы активті болжамды пайдалануға дайындаған сәтте өндірілген объектілерді сатудан алынған кез келген кірісті негізгі құралдар объектісінің құнынан шегеруге тыйым салады. Мұндай объектілерді сатудан түскен кірістер, оларды өндіруге жұмсалған шығындармен бірге енді пайда немесе залал ретінде танылады. Ұйым осындай объектілердің құнын бағалау үшін 2 ХҚЕС (IAS) қолданады. Құны мұндай сыналатын активтің амортизациясын қамтымайды, өйткені ол әлі пайдалануға дайын емес. 16 ХҚЕС (IFRS) түзетуінде ұйым осы активтің техникалық және физикалық тиімділігін бағалаған кезде "активтің дұрыс жұмыс істеуін тексереді" деп түсіндіріледі. Бұл активтің қаржылық тиімділігі мұндай бағалау үшін маңызды емес. Осылайша, актив басшылықтың ниетіне сәйкес пайдаланылуы мүмкін және басшылық күткен операциялық тиімділік деңгейіне жеткенге дейін амортизациялануы мүмкін.

**5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу (жалғасы)**

• 37 ХҚЕС (IAS) түзетуінде "шартты орындауға арналған шығындар" ұғымына түсініктеме беріледі. Түзетуде шартты орындауға тікелей шығындар осындай шартты орындауға; және де шарттарды орындауға тікелей қатысты басқа шығындарды бөлуге қосымша шығындарды қамтитыны түсіндіріледі. Осы түзетуде сондай-ақ ауыртпалықты шартқа жеке резерв құрылғанға дейін ұйым шартты орындау үшін бөлінген активтер бойынша емес, оны орындау кезінде пайдаланылған активтер бойынша келтірілген құнсызданудан болған залалды мойындайтыны түсіндіріледі.

• 3 ХҚЕС (IFRS) бизнесті біріктіру кезінде активтің немесе міндеттеменің не екенін анықтауға мүмкіндік беретін 2018 жылғы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелерді қосумен толықтырылды. Осы түзету қабылданғанға дейін 3 ХҚЕС (IFRS) 2001 жылғы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерін көрсетуді қамтыды. Сонымен қатар, 3 ХҚЕС (IFRS) міндеттемелер мен шартты міндеттемелерге қатысты жаңа ерекшелік қосты. Бұл ерекшелік міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің кейбір түрлеріне қатысты 3 ХҚЕС (IFRS) қолданатын ұйым 2018 жылғы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне емес, 37 ХҚЕС (IAS) немесе 21 ХҚЕС (IFRIC) түсіндірмесіне сілтеме жасауы керек. Бұл жаңа ерекшелік болмаса, ұйым 37 ХҚЕС (IAS) сәйкес мойындамайтын бизнесті біріктіру кезіндегі кейбір міндеттемелерді мойындауы керек еді. Осылайша, сатып алғаннан кейін бірден ұйым мұндай активтерді тануды тоқтатып, экономикалық пайданы көрсетпейтін кірісті тануы керек еді. Сондай-ақ сатып алушы сатып алу күніне 37 ХҚЕС (IAS) бойынша анықталған шартты активтерді тануға міндетті емес екендігі түсіндірілді.

• 9 ХҚЕС (IFRS) түзетуінде қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін "10% тестілеуге" қандай төлемдерді қосу керектігі қарастырылады. Шығындар немесе төлемдер үшінші тараптардың немесе кредитордың пайдасына жүзеге асырылуы мүмкін. Осы түзетуге сәйкес үшінші тараптардың пайдасына шығындар немесе төлемдер "10% тестілеуге" енгізілмейді.

• 16 ХҚЕС (IFRS) қоса берілген 13-иллюстрациялық мысалға түзетулер енгізілді: жалға алынған мүлікті жақсартуға қатысты жалға берушінің төлемдерінің мысалы алынып тасталды. Бұл түзету ынталандыратын жалдау төлемдерін есепке алу әдісіне қатысты кез келген ықтимал түсінбеушілікті болдырмау үшін жасалған.

• 1 ХҚЕС (IFRS), егер еншілес ұйым ХҚЕС-ты бас ұйымға қарағанда кешірек күннен бастап қолданса, босатуды қолдануға рұқсат береді. Еншілес ұйым өзінің активтері мен міндеттемелерін бас ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілетін баланстық құны бойынша, егер шоғырландыру мақсаттары үшін ешқандай түзетулер жасалмаса және оның шеңберінде бас ұйым аталған еншілес ұйымды сатып алған бизнес бірлестігінің нәтижелерін көрсету үшін бас ұйымның ХҚЕС-ке көшу күніне сүйене отырып бағалай алады. 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету енгізілді, ол 1 ХҚЕС-те (IFRS) қарастырылған ерекшелікті қолданған ұйымдарға бас ұйымның ХҚЕС-ке көшу күні негізінде бас ұйым көрсеткен сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмашылықтарды бағалауға мүмкіндік береді. Бұл 1 ХҚЕС түзетуі (IFRS) ХҚЕС-ті алғаш рет қолданатын ұйымдардың шығындарын азайту үшін жоғарыда аталған босатуды жинақталған бағамдық айырмашылықтарға таратады. Бұл түзету 1 ХҚЕС (IFRS) қарастырған бірдей босатуды пайдаланған қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қатысты болады.

• 41 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес әділ құнды бағалау кезінде ұйымдар салық салу мақсатында ақша ағындарын алып тастауы керек деген талап жойылды. Бұл түзету салық салғаннан кейін ақша ағындарын дисконттау туралы стандарттағы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуі керек.

Түзетулерді қолдану Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

## **6 Жаңа есептік ережелер**

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын және Банк әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

- 17 "Сақтандыру шарттары" ХҚЕС (IFRS) (2017 жылғы 18 мамырда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЕС (IFRS) түзетулері және 4 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2020 жылғы 25 маусымда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 17 ХҚЕС (IFRS) қолданатын сақтандырушылар үшін ауысу нұсқасы – 17 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2021 жылдың 9 желтоқсанында шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді жіктеу – 1 ХҚЕС (IAS) түзетулері (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылған және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеу – күшіне ену күнін ауыстыру – 1 ХҚЕС (IAS) түзетулері (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).
- "Бухгалтерлік бағаларды айқындау" 8 ХҚЕС (IAS) түзету (2021 жылғы 12 ақпанда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Бір мәміледен туындайтын активтер мен міндеттемелерге жататын кейінге қалдырылған салықтар – 12 ХҚЕС (IAS) түзету (2021 жылғы 7 мамырда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 1 ХҚЕС (IAS) және 2 ХҚЕС (IFRS) тәжірибесі туралы ережеге түзетулер: "Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу" (2021 жылдың 12 ақпанында шығарылды және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейінгі жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді). Қазіргі уақытта Банк осы түзетулердің қаржылық есептілікке қалай әсер ететінін бағалайды.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, аталған жаңа стандарттар мен түсіндірулер Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.



**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы**  
**2022 жылғы қаржылық есенділік**

**7 Ақша қаражаты және оның баламалары**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2022 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2021 ж. 31 желтоқсан</b>
ҚР ҰБ-дағы шоттар бойынша қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	203,269,913	495,033,497
ҚР ҰБ-ның үш айдан кем өтеу мерзімімен ноталары	79,059,436	69,628,315
ҚР ҰБ шоттарындағы міндетті резервтер	25,218,430	21,889,749
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз сатып алу және кері сату шарттары ("кері репо")	16,286,908	4,582,581
Кассадағы ақша қаражаты	2,009,473	2,293,195
Ағымдағы шоттар	1,487,013	1,257,484
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар	189,779	383,903
Күтілетін кредиттік шығындар үшін резервті шегергенде	(5,711)	(2,403)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны</b>	<b>327,515,241</b>	<b>595,066,321</b>

Банк клиенттердің уақытша бос ақша қаражатын ҚР ҰБ депозиттеріне, сондай-ақ өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі бағалы қағаздарға орналастырады.

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сапасы бойынша қолма-қол ақшаға және олардың баламаларына талдау келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Міндетті резервтерді қоса алғанда ҚР ҰБ-дегі шоттар бойынша қалдықтар</b>	<b>Өтеу мерзімі үш айдан аз ҚР ҰБ ноталары</b>	<b>Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз сатып алу және кері сату шарттары</b>	<b>Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар</b>	<b>Ағымдағы шоттар</b>	<b>Жиыны</b>
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>						
- ҚР ҰБ (BBB рейтингімен)	228,486,398	79,058,034	-	-	1,486,924	309,031,356
- BBB- тен BBB+ дейінгі рейтингімен	-	-	16,286,628	-	-	16,286,628
- BB- тен BB+ дейінгі рейтингімен	-	-	-	187,695	89	187,784
<b>Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиынтығы</b>	<b>228,486,398</b>	<b>79,058,034</b>	<b>16,286,628</b>	<b>187,695</b>	<b>1,487,013</b>	<b>325,505,768</b>

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы**  
**2022 жылғы қаржылық есептілік**

**7 Ақша қаражаты және оның баламалары (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік сапа бойынша ақша қаражаты мен олардың баламаларына талдау келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Міндетті резервтерді қоса алғанда ҚР ҰБ-дегі шоттар бойынша қалдықтар	Өтеу мерзімі үш айдан аз ҚР ҰБ ноталары	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз сатып алу және кері сату шарттары	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар	Ағымдағы шоттар	Жиыны
<i>Мерзімі өтпеген және құнсыздапбаған</i>						
- ҚР ҰБ (BBB-рейтингімен)	516,922,154	69,627,089	-	-	1,257,479	587,806,722
- BBB- тен BBB+ дейінгі рейтингімен	-	-	4,582,503	-	-	4,582,503
- BB- тен BB+ дейінгі рейтингімен	-	-	-	383,896	5	383,901
<b>Қолма-қол ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен олардың баламаларының жиынтығы</b>	<b>516,922,154</b>	<b>69,627,089</b>	<b>4,582,503</b>	<b>383,896</b>	<b>1,257,484</b>	<b>592,773,126</b>

Кредиттік рейтинг Standard & Poor's агенттігінің (осы рейтинг болған жағдайда) немесе Standard & Poor's рейтингтік шәкілі бойынша ең жақын балама мәнге дейін айырбасталатын Moody's және Fitch рейтингтік агенттіктерінің рейтингіне негізделген.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте жалпы сомасы 79,059,436 мың теңгеге (2021: 69,627,089 мың теңге) өтеу мерзімі үш айдан аз ҚР ҰБ ноталары, сондай-ақ 228,486,398 мың теңге (2021: 516,922,154 мың теңге) мөлшеріндегі міндетті резервтерді қоса алғанда, ҚР ҰБ-дегі шоттар бойынша қалдықтар болды.

"Кері репо" мәмілелері бойынша қамтамасыз ету әділ құны 16,286,908 мың теңгені құрайтын "Бәйтерек" ҰБХ, "ҚазАгроҚаржы" АҚ және "Самұрық Қазына" ҰӘҚ АҚ бағалы қағаздары болып табылады (2021 жыл: қамтамасыз ету "ҚазАгроҚаржы" АҚ және "Самұрық Қазына" ҰӘҚ АҚ әділ құны 4,582,503 мың теңгені құрайтын бағалы қағаздар болды).

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2022 ж. 31 желтоқсан		2021 ж. 31 желтоқсан	
	"Кері репо" баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ құны	"Кері репо" баланстық құны	Қамтамасыз етудің әділ құны
В- тен BBB+ дейін кредиттік қамтамасыз ету рейтингімен	16,286,628	16,286,908	4,582,503	4,582,581
<b>Жиыны</b>	<b>16,286,628</b>	<b>16,286,908</b>	<b>4,582,503</b>	<b>4,582,581</b>

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің ҚР ҰБ-ден басқа 2 контрагент-банктің корреспонденттік шоттарында қалдықтары болды (2021: 2 контрагент-банк). Бұл қалдықтардың жиынтық сомасы 189,779 мың теңгені құрады (2021: 383,896 мың теңге).

2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2021 жылғы 31 желтоқсанда күтілетін кредиттік шығындарды бағалау мақсатында ақша қаражатының қалдықтары мен ақша қаражатының баламалары 1-себетке енгізілді. Күтілетін кредиттік шығынды бағалауға көзқарас 25-ескертпеде келтіріледі. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 31-ескертпеде берілген.

**"Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамы**  
**2022 жылғы қаржылық есептілік**

**7 Ақша қаражаты және оның баламалары (жалғасы)**

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есепке алынуға жататын, құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілген неттинг туралы бас келісімнің не осыған ұқсас келісімнің қолданысына жататын қаржы құралдары келесіні құрады:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепті орындағанға дейінгі жалпы сома (а)	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есептің жалпы сомасы (б)	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген өзара есепті жүргізгеннен кейінгі нетто-сوما (в) = (а) - (б)	Қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген неттинг туралы бас келісімнің немесе осыған ұқсас келісімдердің қолданысына жататын сома	Алынған ақшалай қамтамасыз ету (д)	Тәуекелдің нетто-сомасы (в) - (г) - (д)
				Қаржы құралдары (г)		
"Кері репо"						
<b>АКТИВТЕРІ</b>	16,286,628	-	16,286,628	16,286,628	-	-
Неттинг туралы бас келісімнің немесе осыған ұқсас келісімнің қолданысына жататын өзара есепке алынуға жататын активтердің жиыны	16,286,628	-	16,286,628	16,286,628	-	-

